

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мемлекеттік сатыпалым бөліміне ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша

САРАПТАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Астана қ.

2025 жылғы «21» тамыз

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) директорының 2025 жылғы 1 шілдедегі № 95-Ө бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы 2025 жылғы 14 шілдеден бастап 2025 жылғы 22 тамызға дейінгі кезеңде 2024 жылғы 1 маусымнан 2025 жылғы 1 маусымға дейінгі аралықты қамтитын ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау (бұдан әрі – ІСЖТ) жүргізді.

Сараптама объектісі ретінде Кәсіпорынның құрылымдық бөлімі – мемлекеттік сатыпалым бөлімі алынды.

Талдау барысында Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2020–2024 жылдар аралығындағы аудит нәтижелері, Кәсіпорынның 2024 жылдың екінші жартыжылдығы және 2025 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы мемлекеттік сатып алуларына қатысты ішкі аудиттің нәтижелері, сондай-ақ 2023 жылдың бірінші жартыжылдығы мен 2024 жылдың 8 айы бойынша алдыңғы ІСЖТ нәтижелері (бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған), осы қызмет саласына қатысты өзге де ішкі құжаттар зерделеніп, ескерілді.

ІСЖТ келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. талдау объектілерінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. талдау объектілерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Мемлекеттік сатыпалым бөлімі қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мемлекеттік сатып алу бөлімі Кәсіпорынның құрылымдық бөлімі болып табылады, оның негізгі функциялары мыналар:

- тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу және сүйемелдеу;
- жеткізушіні таңдау, мемлекеттік сатып алуға шарттар жасасу және оларды орындау;
- жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау;

- мемлекеттік сатып алулар бойынша мүдделі тұлғаларға, оның ішінде Медициналық орталыққа, уақытылы және шынайы ақпаратты дайындау және ұсыну.

Мемлекеттік сатып алу бөлімі қызметкерлерінің штаттық саны - 3 адам: 1 бөлім басшысы және 2 маман.

Өз қызметінде мемлекеттік сатыпалым бөлімі келесі сыртқы нормативтік актілерді басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары;

- мемлекеттік сатыпалым саласындағы жекелеген рәсімдерді реттейтін Қазақстан Республикасының заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілері (оның ішінде жоспарлау, арнайы сатып алу режимдерін қолдану, мемлекеттік сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі, тізілімдерді жүргізу және т.б. мәселелері бойынша);

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілер.

Сыртқы заңнамаға қоса, мемлекеттік сатыпалым бөлімі келесі ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады:

- Мемлекеттік сатыпалым бөлімі туралы ереже (2025 жылғы 1 тамыздағы № 115-Ө бұйрықпен бекітілген);

- бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары (2025 жылғы 1 тамыздағы № 114-Ө бұйрықпен бекітілген);

- мемлекеттік сатыпалымның жылдық жоспары және оған енгізілген өзгерістер

- (2024 жылға арналған жоспар 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 308 бұйрықпен, 2025 жылға арналған жоспар 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 223 бұйрықпен бекітілген);

- ішкі рәсімдік құжат – «Бюджеттік өтінімдерді, даму жоспарын, мемлекеттік сатып алу жоспарын қалыптастыру және оларды орындау кезінде құрылымдық бөлімдердің өзара іс-қимыл тәртібі» ІР (КМЖ) – 02 (2024 жылғы 29 қыркүйектегі № 154 бұйрықпен бекітілген).

Мемлекеттік сатыпалым бөлімінің мамандары білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру мақсатында жүйелі түрде тиісті курстар мен семинарлардан өтеді.

Мысалы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының жаңа редакциясы 2024 жылғы шілдеде қабылдануына байланысты, сол жылдың қазан айында бөлім мамандары «Мемлекеттік сатып алу» тақырыбында «МТАЖО» АҚ ұйымдастырған семинарға қатысты (2024 жылғы 7 қазанда берілген № 282, 283, 284 сертификаты).

Бөлім ішіндегі ұйымдастырушылық құрылым мен функционалдық міндеттерді бөлу мәселелері аясында бөлім басшысы 2024 жылғы 18 наурыз бен 2024 жылғы 1 тамыз аралығында (2024 жылғы 18 наурыздағы №124-ж/қ бұйрық) мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы комплаенс-офицердің міндеттерін қоса атқарған.

Талдау кезеңінде Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік сатып алу рәсімдері бойынша шағымдар түскен жоқ. Сот органдарында Кәсіпорынның мемлекеттік

сатыпалымдардың жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы талап-арыздар қаралмаған.

Мемлекеттік сатыпалым бөлімінің маманына қатысты бір рет тәртіптік жаза қолданылған (2024 жылғы 27 тамыздағы №311-ж/қ бұйрық); қазіргі уақытта оның қолданылу мерзімі аяқталған.

Қорытындылар мен ұсынымдар:

Аталған талдау жүргізілген сәтте комплаенс-офицер мен мемлекеттік сатыпалым бөлімінің басшысы функцияларын қоса атқару тоқтатылған және жеке комплаенс-офицер тағайындалғанына қарамастан, бұл жағдай мүдделер қақтығысының туындау тәуекелін көрсетеді, өйткені бақылау және операциялық функциялар біріктірілген.

Тәуекелдер:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын бағалауда объективтілікке әсер ету ықтималдығы;
- мемлекеттік сатыпалым бөлімінде орын алған бұзушылықтарды жасыру немесе шара қолданбау мүмкіндігі;
- тәуелсіздік қағидатының бұзылуы (Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұсынымдарына сәйкес комплаенс-функцияның негізгі қағидаты).

Ұсынымдар:

Комплаенс-офицердің уақытша болмауы (демалыс, ауру демалысы және т.б.) кезінде оның міндетін атқаратын тұлғаны алдын ала айқындау ұсынылады.

Аталған тұлға басқарушылық, шаруашылық немесе сатып алу шешімдерін қабылдауға қатысы жоқ қызметкер болуы тиіс.

Мұндай тағайындау мүдделер қақтығысының болмауы және атқаратын функциялардың талдауы негізінде жүзеге асырылуы қажет.

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мемлекеттік сатыпалымдарға қатысты жылдық жоспар қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпте және нысанда директордың бұйрығымен бекітіледі, өзгерістер заңмен белгіленген мерзімдерде енгізіледі.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 20 мамырда директор бекіткен «2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №68 бұйрық мемлекеттік сатып алулар веб-порталында Кәсіпорынның бланкісінің түпнұсқасы емес, реттік нөмірі жоқ түсті көшірме нұсқасында орналастырылған.

Бұл рәсім Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы №236 бұйрығымен бекітілген құжаттаманы жүргізу, құжаттармен жұмыс істеу және электрондық құжат айналымы жүйелерін қолдану қағидаларының 8, 10 және 11-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейді.

Алайда барлық жауапты тұлғалармен келісім берілген.

Тәуекелдер:

сыртқы бақылау органдары тарапынан құжаттың жарамсыз деп танылуы мүмкіндігі (дұрыс ресімделмегеніне байланысты);

ресми құжаттарды ресімдеу және орналастыру үдерісіне ішкі бақылаудың әлсіреуі.

Ұсынымдар:

Құжаттарды дайындау және орналастыруға жауапты қызметкерлермен нысаналы нұсқаулық өткізу, бұйрықтарды ресімдеу талаптарын, соның ішінде реттік нөмірі бар түпнұсқа бланкілерді міндетті түрде қолдану тәртібін түсіндіру.


Аталған талдау Кәсіпорынның сатып алу қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылып жатқанын көрсетті.


Анықталған бұзушылықтар жоюға болатын сәйкессіздіктер болып табылады, жүйелі сипатта емес және жалпы тиімділік пен заңдылыққа елеулі әсер етпейді.

Сонымен қатар жекелеген ауытқулардың болуы алдағы уақытта ұқсас жағдайлардың алдын алу үшін алдын алу шараларын қабылдау қажеттігін көрсетеді.

Жұмыс тобының жетекшісі:  А.К. Жумагалиева

Жұмыс тобының мүшелері:  Е.А. Кинжитаев

 Э.К. Сахарбаева

 А.А. Райымбекова

 А.Т. Ибраева

Қазақстан Республикасы Президентінің

Іс басқармасы

Медициналық орталығының

«Санитариялық-эпидемиологиялық

сараптама орталығы» директоры:  С.Ф. Шарипова

Таныстым:

мемлекеттік сатыпалым бөлімінің басшысы  Б.К. Құрымбаев